

Қазақстан Республикасындағы қышыма кезіндегі профилактика және дезинфекция жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің 2004 жылғы 19 қаңтардағы N 48 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2004 жылғы 26 қаңтарда тіркелді. Тіркеу N 2682. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 24 мамырдағы № 377 Бұйрығымен және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 30 маусымдағы N 476 бұйрығымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010.05.24 № 377 Бұйрығымен және (Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010.06.30 N 476 бұйрығымен).

"Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында Бұйырамын:

1. Қоса беріліп отырған қышыма кезіндегі профилактика және дезинфекция жөніндегі әдістемелік нұсқау бекітілсін.

2. Облыстардың, Астана, Алматы қалалары денсаулық сақтау басқармаларының (департаменттерінің) басшылары:

1) тері-венерология диспансерінің қызметінде қышыманы диагностикалауды, емдеуді, диспансерлік қадағалау және оның алдын алуды қамтамасыз етсін;

2) қышыманы ертерек диагностикалауды, тіркеуді, емдеуді, диспансерлік қадағалау мен алдын алуды жақсартуға бағытталған ұйымдастыру-әдістемелік жұмысты жүргізісін;

3) меншік нысанына қарамастан, емдеу-алдын алу ұйымдарын, фильтрлерде қышымамен алғаш рет ауырған науқастарды қарау және скабиозорий-кабинеттерде емдеу жөніндегі жұмыстарды қамтамасыз ету бөлігінде бақылауды жүзеге асырсын;

4) асқынған және әдеттен тыс нысандары кезінде қышыманы зертханалық диагностикалауды қамтамасыз етсін;

5) жыл сайын емдеу-алдын алу ұйымдарының кадрларын қышыманың клиникасы, диагностикасы, емдеу және алдын алу мәселелері бойынша даярлауды ұйымдастырсын.

3. Тиісті аумақтардың, көліктегі бас мемлекеттік санитарлық дәрігерлері қышыма таралуының алдын алуға бағытталған шараларды сақтауды ескере отырып, жатақханаларды, мектептерді, мектеп-интернаттарын, балалар үйлерін,

мектепке дейінгі ұйымдарды, қонақ үйлерін, моншаларды, сауналарды, душтарды, кір жууларды, шаштараздарды, косметология салондарын, жолаушы поездарын мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалауды қамтамасыз етсін.

4. Тиісті аумақтардың бас мемлекеттік санитарлық дәрігерлері:

1) облыстардың, Астана, Алматы қалаларының денсаулық сақтау басқармалары (департаменттері) алқаларының қарауына қышыма ауруы және алдын алу іс-шараларының жағдайы мәселелерін уақтылы енгізісін;

2) меншік нысанына қарамастан, емдеу-алдын алу ұйымдарының қызметін қышымамен ауыратын науқастар мен ауруға күдікті кездерде шұғыл хабарламаларды уақтылы беру бөлігінде бақылауды қамтамасыз етсін;

3) адамдар мен үй жануарлары арасында қышымаға қарсы күрес жөніндегі кешенді іс-шараларды жүргізуде ветеринарлық қызметпен және өзге де мүдделі ведомстволармен тұрақты өзара байланысты орнатсын;

4) жыл сайын 25 қаңтарға қарай Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитетіне және республикалық санитарлық-эпидемиологиялық станцияға осы бұйрықтың орындалуы туралы есеп берсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау бірінші вице-министрі, Бас мемлекеттік санитарлық дәрігері А.А. Белоногқа жүктелсін.

6. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр

"Қазақстан Республикасындағы қышыма кезіндегі профилактика және дезинфекция жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2004 жылғы 19 қаңтардағы N 48 бұйрығымен бекітілген

Қышыма кезіндегі профилактика және дезинфекция жөніндегі нұсқаулық

1. Санитарлық-індетке қарсы (профилактикалық) іс-шаралар

1. Қышымамен ауыратын науқасқа науқастық қағаз беру туралы мәселені дәрігер әрбір жағдайда жеке, науқастың жұмыс сипатын, тұрмыстық жағдайын, емдеу тиімділігін, асқынулардың болуын, ауру процесінің таралуы мен басқа да себептерді ескере отырып шешеді.

2. Халықтың декреттелген тобы ішіндегі қышымамен ауырған науқастарға, сондай-ақ алдын ала және мерзімдік медициналық тексеруден өтпегендерге жұмыс істеуге рұқсат берілмейді және олар жұмыстан шеттетіледі.

3. Аурудың таралуына септігін тигізетін инфекция көздерін, берілу факторлары мен жағдайларын анықтау мақсатында қышыма ауруы көптеп таралған кезде әрбір ошақты ұйымдастырылған ұжымдарда ғана емес, сол сияқты тұрғылықты мекені бойынша да мұқият эпидемиологиялық тексеруді жүргізу қажет.

4. Қышымаға тексеруді медицина қызметкері:

1) халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті орган белгілеген мерзімдерде өткізілетін профилактикалық медициналық тексерулер кезінде;

2) балабақшаларда, мектеп-интернаттарда - әрбір он күн сайын;

3) мектептерде, кәсіптік-техникалық мектептерде, колледждерде - каникулдан кейін;

4) балалардың сауықтыру лагерлеріне барар алдында;

5) студенттерді жатақханаға орналасар алдында;

6) науқастарды емдеу-профилактикалық ұйымдарға барған кезде;

7) адамдарды санаторлық-сауықтыру ұйымдарға ресімдеу кезінде;

8) ошақтарда қарым-қатынаста болғандарды медициналық қадағалау кезінде.

5. Отбасында, ұйымдастырылған ұжымда науқас анықталған кезде дәрігер немесе арнайы орта медициналық білімді медицина қызметкері науқасты емдеуге дәрігер-дерматологқа жібереді. Стационарлық науқасты емдеу оны жекелеген палатаға, бокске оқшаулаған кезде жүргізіледі.

6. Отбасында, ұйымдастырылған ұжымда, жатақханада науқас анықталған кезде он күнде бір рет қышымамен ауырғанмен қарым-қатынаста болған барлық адамдарды, сондай-ақ бұл мекемелердің қызмет көрсететін персоналын 1,5 ай ішінде тексеру жүргізіледі.

7. Науқастың отбасы мүшелерінің барлығы дереу мұқият тексеріледі, сонымен қатар, барлық анықталған науқастар мен қалған отбасы мүшелері профилактикалық емделеді.

8. Ауырған балаға емдеу кезеңінде толық айыққанға және барлық санитарлық-індетке қарсы іс-шараларды өткізіп болғанға дейін мектепке дейінгі ұйымдарға, мектепке баруға тыйым салынады.

9. Ұйымдастырылған ұжымдарда ошақтарды медициналық қадағалауды тері-венерологиялық диспансер (кабинет) маманының бақылауымен осы ұйымның медицина қызметкері, отбасындағы ошақты тері-венерологиялық диспансерінің (кабинетінің) немесе емхананың тиісті кабинетінің маманы жүргізеді.

10. Әрбір анықталған науқасқа дәрігер (фельдшер) N 089/у нысаны бойынша хабарлама толтырады, ол тері-венерологиялық диспансерге (ол болмағанда орталық аудандық ауруханаға) жіберіледі және сонымен қатар телефон арқылы тиісті аумақтағы мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызмет органына хабарланады (N 089/у нысаны).

11. Тиісті аумақтағы мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызмет органы ошақтарда: балалардың ұйымдастырылған ұжымында, жатақханаларда және отбасы ошақтарында жағдайдың қайталануы тіркелген кезде қышыма жағдайларын міндетті түрде эпидемиологиялық тексеруді жүргізеді.

12. Эпидемиологиялық тексеру "Жұқпалы аурулар ошағын эпидемиологиялық тексеру картасын" (N 357/у нысаны) толтырумен аяқталады.

2. Дезинфекциялық іс-шаралар

13. Тиісті аумақтағы мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызмет органының дезинфекциялық бөлімшесі мен санитарлық-эпидемиологиялық сараптама орталығы ағымдағы дезинфекциялауға (көзкөрім, химиялық) басшылық етуді, оның сапасын бақылауды және қышыма қайта пайда болған ұйымдастырылған ұжымдар мен үйлерде қорытынды дезинфекциялауды (дезинфекцияның камералық әдісі) жүзеге асырады.

14. Қышыма ошақтарында ағымдағы дезинфекциялауды үйде емделіп жатқан науқастардың үйінде, скабиозорий-кабинеттерінде, стационарларда, мектептердің, сәбилер үйлерінің, балалар үйлері мен басқа да объектілердің оқшаулау бөлмелерінде жүргізеді.

15. Үй жағдайында науқас үшін жекелеген төсек орны мен отбасының басқа мүшелері қолданатын заттардан бөлек тұратын жеке пайдаланатын заттарды (іш киім, сүлгі, ойыншық) бөліп беру керек.

16. Науқастың заттары іс жүзінде жұқтыру қаупін төндіреді, өйткені әсіресе екі-үш күн бойы жедел емдеу әдістері кезінде сақталатын және организмнен тыс екі аптаға дейін өмір сүретін қышыма кенелері сақталады. Осыған байланысты науқастың іш киімі мен киімін күн сайын міндетті түрде дезинфекциялауды, дезинсекциялауды жүргізу керек.

17. Ағымдағы дезинфекциялау кезінде қайнаған сәттен бастап 5-10 минут бойы 1-2% сода немесе кез келген порошок ерітіндісінде іш киім мен төсек

керек-жарақтарын қайнатумен залалсыздандырады. Іш киімді қайнату мүмкін болмаса, Қазақстан Республикасында қолдануға рұқсат етілген инсектицидтің бірімен өңдейді және одан кейін әдеттегідей жуады. Науқастың сыртқы киімін дымқыл мата арқылы өтептен өтекті.

18. Күн сайын үй-жайды дымдап тазалау, ал балалар ұжымдарында күніне екі-үш рет 1-2% ыстық сабынды-тұзды ерітіндімен жүргізіледі. Тазалау материалдарын пайдаланғаннан кейін қайнатады немесе дезинфекциялық ерітіндіге салып қояды.

19. Науқасты күткеннен, иш киімі мен төсек орнын ауыстырғаннан, үй-жайды тазалағаннан кейін қолды қара сабынмен мұқият жуу керек.

20. Ошақтарда қорытынды дезинфекциялауды науқасты ауруханаға жатқызғаннан немесе амбулаториялық емдеу аяқталғаннан (ауылдық жерлерде бір тәулік ішінде, қалада - алты сағаттан кейін) кейін жүргізеді. Үй жағдайында ағымдағы және қорытынды дезинфекциялауды науқасты күтуші немесе науқастың өзі (емдейтін дәрігер ұйымдастырады), емдеу-алдын алу ұйымдарында, балалар ұжымдары мен басқа да объектілерде осы ұйымның орта медициналық қызметшісі жүргізеді.

21. Қорытынды дезинфекциялау ошақта науқаспен қарым-қатынас жасалған адамдарды санитарлық өңдеуді; киімді, төсек керек-жарақтарын, тұрмыстық заттар мен үй-жайды дезинфекциялауды қамтиды. Осы барлық іс-шаралар бір уақытта орындалады, қарым-қатынас жасағандар санитарлық өткізу жерлерінде санитарлық өңдеуден өтеді, заттарын дезинфекциялық камерада өңдейді.

22. Науқастың заттарымен жанасқан науқастың төсек керек-жарақтары, киімі, аяқ киімі, жұмсақ ойыншықтары мен басқа да заттары инсектицидтердің бірі сіңірілген арнайы қапқа салынып, залалсыздандыру үшін дезинфекциялық камераға салынады.

23. Науқастың төсек керек-жарақтары, киімі, жұмсақ ойыншықтар мен науқастың заттарымен жанасатын басқа да заттар инсектицидтердің бірі сіңірілген арнайы қаппен қатталады да, залалсыздандыру үшін дезинфекциялық камераға жіберіледі.

24. Аяқ киімді 10% формалин ерітіндісіне батырылған тампонмен сүртіп, 20 минут қояды. Жиһазды, тұрмыстық заттарды өңдеу 1-2% сабынды-содалы ерітіндімен сүрту жолымен жүргізіледі. Жұмсақ мүкәммалдар мен басқа заттар инсектицидтермен өңделеді.

25. Инсектицидтермен жұмыс істеу кезінде қолданылып жүрген санитарлық ережелер мен нормалардың санитарлық-эпидемиологиялық талаптары сақталуға тиіс.

